

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бітімгершілік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 мамырдағы № 591 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бітімгершілік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бітімгершілік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Экспорттық бақылау туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 132-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат)

9-бап мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Ұлттық контингенттің жұмыс істеуі немесе бітімгершілік даярлықты жүргізу үшін қажетті қару-жарақ пен әскери техниканы, әскери-техникалық мүлікті, арнайы техниканы және арнайы құралдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу (аумағынан әкету) Қазақстан Республикасының қорғаныс саласындағы уәкілетті органы беретін әскери рұқсаттамалар негізінде тыйым салуларды, шектеулерді, рұқсаттарды немесе лицензияларды қолданбай және кедендік баждарды, салықтарды және өзге де алымдарды алмай жүзеге асырылады.».

2. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 5, 40-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 10-құжат

; № 3, 15-құжат; № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат, 2014 жылғы 15 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 25 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ішкі істер органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 44-баптың 7-тармағының 11) тармақшасындағы «ұсталған кезде тамақтанумен қамтамасыз етіледі.» деген сөздер «ұсталған кезде;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) бітімгершілік операциясына қатысқан кезде операцияны жүргізу ауданына және кері қарай жол жүру кезінде тамақтанумен қамтамасыз етіледі.»;

2) 49-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бітімгершілік операциясынан қайтып оралғаннан кейін әскери қызметшілер құрылымында әскери қызмет өткеретін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қаражаты есебінен кемінде күнтізбелік жеті күн, бірақ жиырма бір тәуліктен аспайтын мерзімге Қазақстан Республикасының аумағында санаторийлік-курорттық ұйымдарға жіберіледі.».

2-бап. Осы Заң алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті